

Қазақстандағы АПВ вакцинасы: адам папиллома вирусына қарсы

Кімге және қайда істеу керек



Қазақстан Республикасының Ұлттық [вакцинация күнтізбесіне сәйкес](#), АПВ-ға қарсы вакцина ата-анасынан немесе қамқоршыларынан рұқсат алынғаннан кейін **11 жастағы қыздарға енгізіледі**. Вакцинацияның толық курсы – алты айлық аралықпен екі доза. **Жоспарлы вакцинацияны 11 жасында өткізіп алғандарға, қыздардың 12-13 жасында вакцина алуға мүмкіндіктері болады**. АПВ-ға қарсы вакцина қазақстандық егу күнтізбесінде әртүрлі органдардың қатерлі ісіктерінен қорғайтын екінші болып табылады. [Біріншісі – вирустық В гепатитіне \(ВВГ\) қарсы](#).

Қандай вакцина қолданылады

АПВ-ның 6, 11, 16, 18 деген 4 түрінен қорғайтын төрт валентті "Гардасил" вакцинасы.

Өндіруші: Мерк Шарп и Доум корпорациясы (АҚШ).



Инфекциядан қорғайтын, АПВ вакцинасы



Адам папиллома вирусы (АПВ) — бұл вирустың 200-ден астам түрінен тұратын топ (ЖМӨ және АПВ туралы алдыңғы бетке сілтеме жасау). Олардың кейбіреулері жоғары онкогендік қауіп түрлеріне жатады және әртүрлі органдардың қатерлі ісігіне әкелуі мүмкін.

АПВ жұқтырған адамнан жұқпаланған терімен, шырышты қабаттармен немесе дене сұйықтықтарымен тікелей байланыс арқылы беріледі.

Статистикаға сәйкес, 10 адамның 8-і өмір бойы АПВ жұқтырылады. Көп жағдайда инфекция асимптоматикалық болып табылады және 12-24 ай ішінде өздігінен өтеді.

Кейбір жағдайларда **жоғары онкогенді қауіпті АПВ түрлерімен жұқтырылған кезде инфекция созылмалы болуы мүмкін.** Уақыт өте келе АПВ инфекциясы қатерлі ісік алды өзгерістерге әкелуі мүмкін және егер олар өз уақытында анықталып емделмесе, қатерлі ісікке ұласуы мүмкін.



Асқынулар

АПВ тудыратын ең көп таралған ауру - жатыр мойны обыры

Қазақстанда жатыр мойны обыры 25 пен 44 жас аралығындағы әйелдердің онкологиялық патологиялары арасында 2 орында. Елімізде жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі. Бұл аурудан жылына 600-ден астам қазақстандық әйел қайтыс болады.

АПВ басқа ауруларды тудыруы мүмкін – тік ішектің, қынаптың, вульваның, еркек жыныс мүшесінің қатерлі ісігі. Соңғы онжылдықта бас және мойын қатерлі ісігінің, сондай-ақ АПВ салдарынан айналшық қатерлі ісігінің жоғарылауы байқалды.

Сонымен қатар, АПВ сирек кездесетін ауруды тудыруы мүмкін – қайталанатын респираторлық папилломатоз (ҚРП), бұл жаңа туған нәрестелердің көмейінде (тыныс алу түтігінде) өскіндердің пайда болуына әкеліп соғады, бұл олардың тыныс алуын қиындатады.



Сонымен қатар, АПВ сирек кездесетін ауруды тудыруы мүмкін – қайталанатын респираторлық папилломатоз (ҚРП), бұл жаңа туған нәрестелердің көмейінде (тыныс алу түтігінде) өскіндердің пайда болуына әкеліп соғады, бұл олардың тыныс алуын қиындатады

Сонымен қатар, АПВ әртүрлі тері папилломаларының (мысалы, сүйелдер) немесе жыныс мүшелерінің кондиломаларының пайда болуына әкелуі мүмкін.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Тұрақты:

- Вакцинаның құрамына кіретін белсенді заттарға немесе кез келген қосалқы заттарға жоғары сезімталдық.
- Анамнезде вакцинаны алдыңғы енгізуге анафилактикалық реакцияның болуы.

Уақытша

- Жедел немесе орташа жұқпалы ауру немесе ауыр созылмалы аурудың өршуі.
- Дене температурасының 38 °C-тан жоғары көтерілуі.
- 9 жасқа дейінгі балалар («Гардасил» вакцинасын қолдану 9 жасқа дейінгі балаларда зерттелмеген).
- Жүктілік және баланы емізу кезеңі.

Вакциналардың құрамы, қолданылуы және көрсетілімдері туралы толығырақ ресми сайттан біле аласыз – ndda.kz/category/Vakcinies



Жағымсыз әсерлер

Өте жиі $\geq 1/10$, 10%-дан астам



- Бас ауруы, дене температурасының қысқа мерзімді жоғарылауы
- Вакцина енгізілген жерде қызару, ісіну, аурушаңдық (5 күннен аспайды)

Көбінесе $\geq 1/100$, бірақ $< 1/10$, 1% - дан жоғары, бірақ 10%-дан төмен



- Бас айналу, жүрек айну
- Аяқ-қолдың ауыруы
- Вакцина енгізілген жердегі қышу, гематома зуд

Өте сирек $< 1/10,000$, 0,01%-дан төмен



- Анафилактикалық, анафилактоидты реакцияларды, бронхоспазмды, есекжемді қоса алғанда, жоғары сезімталдық реакциялары
- Идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура, лимфаденопатия
- Артралгия, миалгия
- Астения, қалтырау, күшсіздік, әлсіздік
- Құсу
- Жедел шашыраңқы энцефаломиелит, Гийена-Барре синдромы
- Естен тану, кейде тоник-клоникалық құрысулармен бірге жүреді
- Панникулит (целлюлит)

Вакциналар мен олардан қорғайтын аурулар туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз:

egu.kz